

**"Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау агенттігінің (Монополияға қарсы агенттік) 2011 - 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 8 ақпандағы № 97 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 желтоқсандағы № 1745 Қаулысы  
«2012 – 2014 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 24 қарашадағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ** **ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау агенттігінің (Монополияға қарсы агенттік) 2011 – 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 8 ақпандағы № 97 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 18, 214-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау агенттігінің (Монополияға қарсы агенттік) 2011 – 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан</i>	<i>Республикасының</i>
	<i>К. Мәсімов</i>	
Қазақстан	Республикасы	
Үкіметінің		
2011 жылғы	31	желтоқсандағы
№ 1745	қаулысына	
қосымша		
Қазақстан		Республикасы
Үкіметінің		
2011 жылғы	8	ақпандағы
№ 97	қаулысымен	
бекітілген		

**Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау агенттігінің (Монополияға қарсы агенттік) 2011 – 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары**

## 1. Миссиясы мен пайымдауы

Миссиясы. Бәсекелестікті қорғау, монополистік қызметті шектеу, жосықсыз бәсекеге жол бермеу арқылы нарық субъектілері мен тұтынушылардың әл-ауқатын арттыру.

Пайымдауы. Адал бәсекелестікті дамыту үшін қолайлы жағдайлар қалыптастыруға бағытталған бәсекелестікті қорғаудың тиімді жүйесі.

## 2. Ағымдағы жағдайды талдау және қызметтің тиісті саласының (аясының) даму үрдісі

Ағымдағы жағдайды талдау Сау бәсекелестік орта тиімді экономикалық жүйені қалыптастырудың міндетті жағдайы болып табылады.

Қазақстан Республикасының Конституциясында әркімнің кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне, өз мүлкін кез келген заңды кәсіпкерлік қызмет үшін еркін пайдалануға құқығы көзделген. Монополистік қызмет заңмен реттеледі, әрі шектеледі. Жосықсыз бәсекеге тыйым салынады.

Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясында (бұдан әрі – Стратегия) экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың нарықтық тетіктері ретінде бәсекелестік нарықтарды және монополияға қарсы реттеудің сенімді құралдарын құру айқындалған.

1-стратегиялық бағыт: Бәсекелестікті дамытуға жәрдемдесу.

Мемлекет басшысының және Үкімет басшысының тапсырмаларын орындау шеңберінде Агенттіктің негізгі қызметі есепті кезеңде бәсекелестікті қорғауға, нарық субъектілерінің және мемлекеттік органдардың бәсекелестікке қарсы іс-әрекетінің жолын кесуге бағытталды. Көрсетілген құбылысқа қарсы әрекет ету инфляциялық процестерді тежеу үшін және ел экономикасының ілгері дамуына айрықша маңызды мәні бар. Осыған байланысты Агенттік азық-түлік нарығы, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жанар-жағар май материалдары және т.б. сияқты әлеуметтік маңызды нарықтарға баса назар аударды.

Агенттік Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны (бұдан әрі - ҮИИДМБ) іске асыру шеңберінде бәсекелестікті дамыту деңгейін айқындау, тосқауылдарды жою шараларын өңдеу және бәсекелестік қатынастарды дамыту мақсатында тауар нарықтарына талдау жүргізеді.

Ағымдағы жылғы 10 айда Агенттік 29 тауар нарығына талдау жүргізді, олардың нәтижесі бойынша Агенттік құзыретті мемлекеттік органдарға ұсыныстар жіберді, сондай-ақ жеке тауар нарықтарындағы бәсекелестіктің жай-күйі және монополистік

қызметті шектеу бойынша қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне және Қазақстан Республикасының Үкіметіне жыл сайынғы есеп беріледі. Үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектілерінің мемлекеттік тізілімінде 2011 жылғы 31 қазандағы жағдай бойынша 715 субъекті тұр. Агенттік ағымдағы жылы экономикалық шоғырлануға 240 өтінішхат қаралды, олардың

8 6 к е л і с і л д і .

ҮИИДМБ шеңберінде Қазақстан Республикасында бәсекелестікті дамыту жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған бағдарлама қабылданды, ол 5 жылдық кезеңге бәсекелестік саясаттың басымдықтары мен негізгі бағытын айқындайды және 10-нан астам экономиканың салаларын қамтиды.

Агенттіктің бәсекелестікті қорғау, Қазақстан Республикасында әлеуметтік-экономикалық даму тұрғысынан неғұрлым басым нарық субъектілерінің және мемлекеттік органдардың бәсекелестікке қарсы іс-әрекеттерінің жолын кесу бойынша қабылдаған шараларына қарамастан, тауар нарықтары ішінара немесе толық монополияландырылған болып табылады.

Айталық, монополияға қарсы орган жүргізіп жатқан электр энергетикасы нарығындағы бәсекелестіктің деңгейін талдау аталған нарықтың бәсеке аз дамыған, жоғары шоғырланған нарық болып қалатынын көрсетті, нарықтағы олардың нарықтық үлесін жыл сайын күшейте отырып, компанияның бірнеше топтарымен олигополияланғаны байқалады. Бұрынғысындай аталған нарықта өңірлік электр желілері компаниялары құрған кепілдік беретін өнім берушілер үстемдік етуде.

Бұл ретте кейбір өңірлерде мұндай компаниялардың жағдайының күшеюі байқалуда, ұсақ әкімшілік аудандарды электрмен жабдықтаумен айналысқан көптеген шағын энергиямен жабдықтаушы ұйымдар нарықтан кетуге мәжбүр. Аталған мән-жай 2009 жылдың басынан бастап жабдықтаушы ұйымдар арасында электр энергиясын қайта сату практикасына тыйым салатын электр энергетикасы туралы заңнамаға енгізілген өзгерістерге негізделген.

Энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың электр энергиясының көтерме сауда нарығындағы қызмет ету шарттарының бірі кемінде 1 МВт орташа тәуліктік (базалық) қуат көлемінде электр энергиясын көтерме сауда нарығынан жеткізу/тұтыну жөніндегі талаптарды орындау болып табылады (Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің 2004 жылғы 27 тамыздағы № 197 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында электр энергиясының көтерме сауда нарығын ұйымдастыру және жұмыс істеу ережесі). Нәтижесінде шағын энергиямен жабдықтаушы ұйымдар көлемінің шағындығына байланысты көтерме сауда нарығында өз қызметтерін жүзеге асыру мүмкіндігі жоқ. Бұрын мұндай ұйымдар үшін электр энергиясын жеткізушілер электр энергиясын көтерме сауда нарығында сатып алатын делдал ұйымдар еді. Осылайша, делдал ұйымдарды заңды түрде алып тастаудың нәтижесінде энергиямен жабдықтаушы шағын ұйымдар энергиямен жабдықтау

мақсатында электр энергиясын сатып алу мүмкіндігінен айырылды.

Нәтижесінде, жүргізілген реформалар нәтижесінде құрылған мұндай энергиямен жабдықтаушы ұйымдар босатқан бос тауашаларды өз уақытында өңірлік электр желілері компаниялары құрған кепілдік беруші өнім берушілер иеленеді. Осыған байланысты, кемінде 1 МВт орташа тәуліктік (базалық) қуат көлемінде электр энергиясын көтерме сауда нарығынан жеткізетін/тұтынатын энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың көтерме сауда нарығына қолжетімділігін қамтамасыз ету мүмкіндігін қ а р а у қ а ж е т .

Шетелде электр энергиясын реформалаудың басты бағыты электр энергиясын өндіру саласындағы бәсекелестікті енгізу деп есептеу қажет, ол 90-жылдардың басында электр энергетикасы саласы бөлінбейтін табиғи монополия болудан қалғандығын т а н у ғ а м ү м к і н д і к б е р д і .

Бүгінгі күні электр энергетикасын қайта құрылымдауды жүзеге асыратын және аяқтап қалған елдерді бәсекелестік нарыққа жақындығы дәрежесі бойынша бірнеше топқа біріктіруге болады. Айталық, мысалы, Еуропада электр энергиясы нарығында бәсекелестікті құруда барынша алға жылжығандар Ұлыбритания, Финляндия, Германия, Норвегия, Швеция, Испания. Австрия, Нидерланды, Бельгия, Дания, Италия, Португалия, Франция, Швейцария жаңғыру үдерісінде. Латын Америкасында бәсекелестік нарықты қалыптастыруда барынша прогреске Чилиде, Аргентинада және Бразилияда қол жеткізілді. Австралияның электр энергиясы нарығындағы бәсекелестік Виктория штатында кеңінен таралды, мұнда ұлттық электрді тұтыну 23%-ға келеді. Қытайда 1988 жылы қабылданған электр энергиясын жаңғыртудың ұзақ мерзімді бағдарламасы оны кезең-кезеңмен реформалауды және 2010 жылдан кейін бәсекелестікті енгізе отырып, салада инвестициялардың өсімін болжайды.

Темір жол саласындағы бәсекелестіктің жай-күйін талдау «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ (бұдан әрі – «ҚТЖ» ҰК) АҚ) бұрынғыдай холдингтік құрылым болып қалғанын көрсетті, оның құрамына тасымалдау процесінің негізгі құрауыштары кіреді. «ҚТЖ» ҰК) АҚ-ның компаниялар тобының монополиялық үлесі темір жол тасымалдары нарығында, оның ішінде темір жол тасымалдары нарығымен аралас әлеуетті бәсекелес нарықтарда сақталып отыр.

Сонымен бірге, жылжымалы құрамның жекелеген түрлерін (мұнай құятын вагон - цистерналар, жартылай вагондар) сатып алуға салынатын жеке меншік инвестицияларды ұлғайту, сондай-ақ жылжымалы құрамды жинақтау бойынша бірлескен кәсіпорындарды құру жөніндегі үрдіс байқалды. «ҚТЖ» ҰК) АҚ-ның деректері бойынша 2010 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының аумағында жалпы вагондар саны 94 868 бірлік жүк вагондарының иелері - 160 компания тіркелген. Бұл ретте вагондардың жалпы паркінің жартысынан көбі жылжымалы жүк құрамын жалға беру нарығында үстем жағдайға ие «Қазтеміртранс» АҚ-ға тиесілі.

Сонымен бірге, республика аумағында жалға алынған 12 772 вагон жолда жүреді, оның ішінде – 11 585 вагон Ресей Федерациясының заңды тұлғаларына тиесілі. Қазақстан Республикасында тасымалдауды жүзеге асыратындардың жалпы санынан «Қазтеміртранс» АҚ вагондарының үлесі шетелдіктерді есепке алғанда 50 %-дан асады. Бұдан басқа, «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның деректеріне сәйкес вагондардың тиесілігі бойынша жүктерді тиеудің негізгі үлесін (50,4%) «Қазтеміртранс» АҚ (54391) және «Қазтранссервис» АҚ (8316) жылжымалы құрамынан тұратын Қазақстанның түгендеу паркі қамтамасыз етеді.

Осыған байланысты магистралдық темір жол желісіне және инфрақұрылымның басқа да объектілеріне кемсітусіз қол жеткізуді қамтамасыз ету, ұлттық тасымалдаушы өткізетін локомотивтік тартқыш қызметтерін сатып алуда лоттарды бөлу бойынша шаралар қабылдау, яғни оларды бірыңғай лот бойынша емес, белгілі бір учаскелер бойынша ойнату, пайдаланушылардың (тасымалдаушылар, билеттерді сату жөніндегі агенттіктер) (ЭКСПРЕСС АБЖ) жолаушылар тасымалдарын басқарудың автоматтандырылған жүйесіне тең қолжетімділігін қамтамасыз ету, әділ тариф белгілеу мақсатында жүктер мен жолаушыларды тасымалдау қызметтеріне тарифтерді қалыптастырудың ашық саясатын қамтамасыз ету, темір жол тасымалдарын реттейтін нормативтік құқықтық базаны жетілдіру арқылы жеке меншік темір жол тасымалдары нарығын дамыту үшін жағдайлар жасау қажет.

Шетелдерде темір жол көлігін реформалау тәжірибесі темір жолдарда бірқатар оң өзгерістердің болғанын көрсетті, атап айтқанда тасымалдау көлемі жалпы артты, саланың мемлекеттік субсидиялары қысқарды, көрсетілетін қызметтер сапасы артты, жолаушылар және жүк айналым көрсеткіштері ұлғайды.

LIV индексіне сәйкес мемлекет темір жолдарды ырықтандырудағы прогрес деңгейіне сәйкес үш топқа жіктелген. Бірінші топқа Ұлыбритания, Швеция, Германия, Нидерланды, Дания, Италия, Швейцария, Португалия кірді, яғни көлік қызметтерінің либералдық нарығын дамытудың тұжырымдамасын іске асыру саласында елеулі нәтижелерге жеткендер. Осымен қатар, бірінші топтағы елдерде темір жол көлігі саласындағы мақсатты саясат та ойдағыдай жүргізілуде.

Екінші топқа Норвегия, Австрия, Польша, Чехия, Финляндия, Латвия, Люксембург, Словакия, Бельгия, Венгрия, Словения, Франция кіреді, бұл елдерде темір жол тасымалдау нарығына шығу елеулі қиындықтармен жымдасқан және соның салдарынан бәсекелестік жоқ десе де болады.

Эстония, Литва, Греция, Ирландия және Испания сияқты үшінші топтағы елдерде ырықтандыру процесі пайда болу жағдайында тұр, оларда темір жолдың мемлекеттік инфрақұрылымына қолжетімділіктің нақты белгілі бір жүйесі жоқ.

Нарықтық экономикасы дамыған елдерде көлік шаруашылығының басқа салаларына карағанда, үкімет, жергілікті органдар, сондай-ақ кәсіпкерлік бірлестіктердің тарапынан басқаруға, бақылауға және реттеуге бейім.

Телекоммуникация нарығы бәсеке дамымаған, жоғары шоғырландырылған болып табылады. «Қазақтелеком» АҚ үстем жағдайға ие, ол Қазақстанда телекоммуникация нарығының жетекші ойыншысы болып табылады. Монополиялық жағдай және ірі субъектінің «мінез-құлқы», тұтастай алғанда адал бәсекелестік қарым-қатынастарды белгілеуге теріс әсер етеді. Балама байланыс операторларының дамуы «Қазақтелеком» АҚ қоятын қосу шарттарына толық тәуелді болады.

Қазақстандағы ұялы байланыс нарығы шоғырлану деңгейі жоғары олигополияландырылған болып табылады, онда 4 ұялы оператор жұмыс істейді, олардың екеуі өз арасында «Қазақтелеком» АҚ арқылы аффилиирленген болып табылады. Бұл ретте, ұялы байланыс нарығының 80 %-дан астамын екі ірі оператор - «Кар-Тел» ЖШС және «Қазақтелеком» ААҚ «GSM Қазақстан» ЖШС бөледі. Қазіргі уақытта үш ұялы компания Үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектілерінің мемлекеттік тізілімінде (бұдан әрі – Тізілім) ұялы байланыс қызметі бойынша тұр.

Қазақстанның, Еуропа мен ТМД елдері нарықтарының байланыс қызметтеріне тарифтердің деңгейін салыстырмалы талдауы отандық телекоммуникация нарығы жоғары шоғырланған болып табылатынын және байланыс нарығының субъектілері бәсекелес ортада жұмыс істемейтінін көрсетті. Байланыс қызметтерін көрсететін субъектілердің аффилиирленуі салдарынан нарықтың шектен тыс экономикалық шоғырлануы, телекоммуникация инфрақұрылымына тең қол жетімділіктің болмауы (байланыс операторлары телекоммуникация желілеріне қосылу проблемалары), әмбебап қызмет көрсетудің реттелмеген жүйесі, еркін радиожилік ресурсының жоқтығы, үстем байланыс операторларының бәсекелестікке қарсы іс-әрекеті, басым байланыс операторларының трафикті өткізуге жоғары тарифтері сияқты жаңа компаниялардың нарыққа «кіру» кедергілері анықталды.

Интернет желісіне кіру қызметтері нарығы сондай-ақ дәстүрлі байланыс операторларының инфрақұрылымы аз дәрежеде пайдаланылатын сегменттерде орташа шоғырланғанға өту үрдісімен жоғары шоғырланған болып табылады, онда дәстүрлі операторлардың инфрақұрылымы аз дәрежеде пайдаланылады.

Қазіргі уақытта ұялы байланыс операторларының үшінші ұрпақ желілерін (3G) құруына байланысты, сондай-ақ нарықта WiMax 4G технологиясы бойынша Интернетке сымсыз қол жеткізуді ұсынатын жаңа ойыншылардың пайда болуына байланысты аталған нарықта бәсекелестікті дамыту күтілуде. Көтерме саудада да, бөлшек сауда нарығында да деректер беруде үстем жағдайды «Қазақтелеком» АҚ-ы иеленеді, бұл оның магистральдық ресурстардың көп бөлігін иеленуіне байланысты. «Қазақтелеком» АҚ-ы аталған нарыққа елеулі әсер етеді, байланыстың баламалы операторларын дамыту олар қоятын қосылу шарттарына байланысты.

Талдау барысында Интернет-қызмет нарығын дамытуға әсер ететін бірқатар проблемалық мәселелер анықталды. Олардың ішінде тұтынушыларға қол жетімділіктің

инфрақұрылымына ие байланыс операторлары үстемдігінің жоғары дәрежесі, Интернет қызметінің бөлшек сауда провайдерлері үшін жоғары көтерме тарифтері, Интернет желісіне қолжетімділік нарығы ауылдық жерлерде бұрынғыдай жоғары күрделі шығынға және халықтың төлем қабілеттілігінің төмен дәрежесіне т.б. байланысты сымсыз технология байланыс операторлары үшін тартымсыз күйінде қалып отыр.

Бұдан басқа, ашық әрі кемсітусіз оператораралық қосуды, телекоммуникациялар инфрақұрылымына тең ашық қолжетімділікті қамтамасыз ету бойынша, технологиялар бойынша (ADSL, Wi-Fi, Wi-Max, 3G, 4G) жоғары жылдамдықты қолжетімділікті дамыту, деректерді беру қызметтерін көрсетуді регламенттейтін нормативтік құқықтық актілер мен стандарттарды қабылдау, сондай-ақ «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-2-бабына сәйкес баға белгілеу тәртібіне сай басым оператордың бағасына сараптама жүргізу қажет.

Экономика секторларында бәсекелестікті дамытуға кері әсер ететін фактор сондай-ақ мемлекеттің бәсекелес нарықтарға орынсыз қатысуы болып табылады. Мемлекеттік кәсіпорындар мемлекеттік органдардың қолдауын алады, оларға бәсекелестік күресте қосымша артықшылық тудырады. Ведомстволық бағынысты кәсіпорындардан тауарларды, қызметтерді бір көзден мемлекеттік органдардың сатып алу мүмкіндігін көздейтін «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының нормалары «жасырын» монополияны құрды (Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ақпараты бойынша 2009 жылы республикалық мемлекеттік органдарға бөлінген соманың 97%-ына дейін олардың ведомстволық бағынысты ұйымдарына келді). Мемлекеттік кәсіпорындарды ұстауға мемлекет жұмсаған сома бюджетке мемлекеттік кәсіпорындардың қызметінен түсетін дивидендтер сомасынан бірнеше есе асып түседі.

Агенттік нарықтарда мемлекеттің қатысу үлесін төмендету, жеке секторға бейінді емес активтерді беру бойынша іс-шаралар жүргізеді. 2011 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша Агенттік акцияларының (үлестерінің) 50%-дан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғаларды және олармен аффилиирленген тұлғаларды құруға және олардың одан әрі жүргізетін қызметіне келісім беру туралы 682 өтінішхат қарады. Бұл ретте, одан әрі жүргізетін қызметіне келісім беруден бас тартылғаны – 92, құруға келісім беруден бас тартылғаны – 20. «Бәсекелестік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 77 және 78-баптарын іске асыру аясында Агенттік акцияларының (үлестерінің, пайларының) 50%-дан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың өтінішхаттарын қарау бойынша жұмыстарды жалғастыратын болады.

Сондай-ақ Монополияға қарсы орган бәсекелестікті дамыту бойынша мемлекеттік органдардың қызметін салааралық үйлестіруді жүзеге асыру аясында бәсекелестікті шектейтін нормаларды анықтау тұрғысында нормативтік құқықтық актілерге мониторинг жүргізеді. Мониторинг нәтижесі бойынша Үкіметке және құзыретті мемлекеттік органдарға Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне өзгерістер

мен толықтырулар енгізу бойынша ұсыныстар жіберіледі.

Қазақстан Республикасының Үкіметі саланы монополиясыздандыру және бәсекелестікті дамыту мәселелеріне тұрақты назар аударады. Қалыптасқан жағдайды өзгерту ұзақ әрі еңбек етуді қажет етеді, оған бәсекелестікке қарсы іс-әрекеттердің жолын кесу ғана емес, сонымен бірге заңнамалық және институционалдық базаны дамыту, монополиясыздандыру жөніндегі салалық бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру кіреді.

Монополиялану деңгейі жоғары нарықтарды қалыптастыру себептері мен шарттарын анықтау монополияға қарсы органнан жекелеген нарықтардың негізгі қатысушыларын, тауар нарығына «кірудің» бар тосқауылдарын айқындау, мұндай нарық қатысушыларының мінез-құлқын монополияға қарсы заңнамаға сәйкестік тұрғысынан бағалау бойынша терең талдау жүргізу жұмыстарын талап етеді.

Осыған байланысты стратегиялық бағыт болып бәсекелестікті дамытуға жәрдемдесу болып айқындалды.

2-стратегиялық бағыт: Тұтынушылардың құқықтарын қорғау жүйесін жетілдіру және бәсекелестікті адвокаттандыру.

Бұрынғысынша монополияға қарсы заңнаманы бұзушылықтар санының өте көп болуы сақталып отыр, бұл қазақстандық экономиканың әртараптану дәрежесіне, экономикалық өсімнің қарқыны мен теңгерімділігіне теріс ықпал етеді, нарыққа кіруді шектеуге, нарықтан экономикалық белсенді кәсіпорындарды ығыстырып шығаруға, өнім шығаруды шектеуге және осының салдарынан тауар бағасының өсуіне әкеп соғады. 2009 жылы Агенттік жүргізілген 91 тергеудің нәтижесі бойынша бұзушылықтарды анықтады, 2010 жылы анықталған бұзушылықтармен жүргізілген тергеулердің саны 114-ке дейін артты, бұл өткен кезеңмен салыстырғанда 20%-ды құрайды. Агенттік 2011 жылғы 10 ай ішінде монополияға қарсы заңнаманың бұзылу фактілері бойынша 173 нарық субъектісі мен 15 мемлекеттік органға қатысты монополияға қарсы заңнаманың бұзылуына 99 тергеуді аяқтады. 24 жағдайда нарық субъектілері өзінің үстем және монополиялық жағдайын теріс пайдалану, 31 – жосықсыз бәсекелестік жүргізу, 13 – нарық субъектілерінің бәсекелестікке қарсы келісілген іс-әрекеттері, 5 – бәсекелестікке қарсы келісімдер, 14 – мемлекеттік органдардың бәсекелестікке қарсы іс-әрекеттері, 2 – сауда қызметін реттеу туралы Заңның нормаларын бұзу фактілері белгіленді.

Бұл ретте көрсетілген тергеулердің көпшілігі нарық субъектілерінен (заңды тұлғалардан) келіп түскен өтініштер шеңберінде, сондай-ақ Агенттік өз қызметін жүзеге асыру кезінде субъектілердің іс-әрекеттерінде тиісті тауар нарықтарында бәсекелестікті шектейтін және осының салдарынан тұтынушылардың заңды құқықтарына қысым жасайтын Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасын бұзушылықтың белгілерін табу фактілері бойынша жүргізілді.

Тұтынушылардан келіп түскен шағымдар (олардың негізінде Агенттік монополияға



қарсы тергеулер жүргізеді) әдетте тұрғын үй-коммуналдық қызметтер, сақтандыру қызметтері, жинақтаушы зейнетақы қорларының және т.б. қызметтерін көрсеткен кезде тұтынушылардың құқықтарын бұзатын, оның ішінде көрінеу жалған, жосықсыз жарнама ұсынудан көрінген жосықсыз бәсекелестік фактілерімен байланысты болады.

2011 жылғы 10 айдың қорытындысы бойынша Агенттік және оның аумақтық бөлімшелері 2011 жылы (72 – азаматтық іс бойынша, 65 - әкімшілік іс бойынша) актілер бойынша 137 сот талқылауына қатысты, олардың ішінде 68 жағдайда соттар мәні бойынша шешім қабылдады. 2011 жылғы қаңтар мен қазан аралығы кезеңінде Агенттік Басқармасы отырыстарының нәтижесі бойынша 141 әкімшілік өндіріс қозғау туралы шешім қабылдады, оның ішінде 46 субъекті әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Ағымдағы жылғы 10 айда монополияға қарсы заңнаманы бұзу фактілері бойынша Агенттік 16 нұсқама шығарды, монополияға қарсы заңнаманы бұзғаны үшін бюджетке 261 млн. теңге түсті.

Практика көрсеткендей, заңнамада көзделген мінез-құлық ережесіне қатысты кәсіпкерлерді хабардар ету төмендігі монополияға қарсы заңнаманы бұзушылық санын арттыру салдары болып табылады.

Көрсетілген проблемаларды шешуде мына міндеттерді орындау талап етіледі.

Ақпараттық талаптар құру, яғни бәсекелестікті адвокаттандыру, оның шеңберінде монополияға қарсы орган кәсіпкерлерге шын мәнінде тұтынушы үшін бәсекелестік күрес бағаны төмендету және тауарлар сапасын жақсарту жолымен жүзеге асырылуы тиіс екендігін түсіндіре отырып, қолданыстағы заңнаманы белсенді насихаттайды.

Жосықсыз нарық субъектілерін анықтай және жазалай отырып бәсекелестікті адвокаттандыру мыналарға:

1) монополияға қарсы органның бәсекелестік шарттарымен (қолдау немесе құру) тікелей байланысты мәселелер туындайтын басқа да мемлекеттік органдардың қызметі салаларындағы өзара іс-қимылына;

2) барлық мүдделі тұлғалардың (саяси шешімдер қабылдайтын адамдарды, кәсіпкерлерді, тұтынушыларды қоса алғанда) экономикалық тиімділік және экономикалық даму тұрғысынан бәсекелестіктің мәнін жақсы түсінуін қамтамасыз етуге;

3) мемлекеттің бәсекелестік саясаты саласындағы теориялық және қолданбалы зерттеулерге қызығушылықты арттыруға қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Агенттік тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті орган болып айқындалды және тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі өкілеттіктер берілді. «Тұтынушылардың құқығын қорғау» Қазақстан Республикасының Заңы өзге де мемлекеттік органдардың өз құзыретінің шегінде тиісті құқық салаларында тұтынушылардың құқығын қорғауды жүзеге асыруды көздейді.

Осыған байланысты, ведомствоаралық өзара іс-қимыл бойынша жұмыстарды күшейту, сондай-ақ тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі қоғамдық

бірлестіктермен өзара іс-қимылды жандандыру талап етіледі.

Қолданыстағы проблемалар екінші стратегиялық бағытты жосықсыз бәсекелестікті қорғау деп айқындауды негіздеді.

Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау.

Бәсекелестіктің дамуын тежейтін негізгі ішкі факторлар сол немесе өзге де саладағы қатынастарды реттейтін жетілген нормативтік құқықтық базаның болмауы, оның ішінде қалыптасқан мемлекеттік реттеудің себебінен жаңа инвесторлардың келуіне жағдай жасалмауы болып табылады.

Әсер етудің негізгі сыртқы факторлар тобына әлемдік экономиканы жаһандандыру, ТМД, Еуразиялық экономикалық қоғамдастық, бірыңғай экономикалық кеңістік аясында интеграциялық үрдістерді дамыту жатады. Бұл үрдістердің бәрі трансұлттық бірігулер санының артуымен және трансшекаралық монополистік қызметті кеңейтумен сүйемелденеді.

Қазіргі уақытта халықаралық ынтымақтастықты күшейту қажет, бұл жетекші елдердің тәжірибесін ескере отырып, ел ішінде қайта құруларды табысты өткізуге және әлемдік қауымдастыққа тиімді кірігу қажеттілігіне негізделеді.

Осыған байланысты, монополияға қарсы органның әлемнің бәсекелестік ведомстволарын біріктіретін Халықаралық бәсеке желісінің қызметіне қатысуын жандандыру, Монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекетаралық кеңес шеңберінде ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің монополияға қарсы органдарымен ынтымақтастықты дамыту, Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясының Кеден одағы шеңберінде бәсекелестік қатынастарды реттеу жүйесін құру, Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы Кеден одағы шеңберінде бәсекелестік қарым-қатынастарды реттеу жүйесін құру, сондай-ақ халықаралық ұйымдар - донорлармен (Дүниежүзілік Банк, Еуропалық Одақ, Америка Құрама Штаттарының Халықаралық даму жөніндегі агенттігі, Еуропа Қайта құру және Даму Банкі және басқ.) өзара іс-қимылды күшейту қажет.

### **3.1. Стратегиялық бағыттар, мақсаттар, міндеттер, мақсатты индикаторлар, іс-шаралар және нәтиже көрсеткіштері**

Стратегиялық бағыттар:

- 1) Бәсекелестікті дамытуға жәрдемдесу;
- 2) Тұтынушылардың құқықтарын қорғау жүйесін жетілдіру және бәсекелестікті адвокаттандыру.

Мақсаты:

- 1) Бәсекелестікті қорғау арқылы тауар нарықтарындағы бәсекелестіктің деңгейін арттыру;



іс-әрекеттері фактілері бойынша шығарылған нұсқамаларды орындау нәтижелері бойынша бұзушылықтарды және нарық субъектілерінің монополияға қарсы заңнаманы бұзуын тоқтату және олардың салдарын жою	Агенттіктің есебі Есептеу (Монополияға қарсы заңнаманы бұзушылықтарды жою туралы орындалған нұсқамалар санының шығарылған нұсқамалардың жалпы санына қатынасы)	%	-	-	70	73	76	79	82
---	--	---	---	---	----	----	----	----	----

1.1-міндет. Бәсекелестікті шектейтін нарық субъектілерін монополиясыздандыру

Тікелей нәтижелер көрсеткіштері	Ақпарат көзі	өлшем бірлігі	есепті кезең		жоспарлы кезең				
			2009 г.	2010 г.	2011 г.	2012 г.	2013 г.	2014 г.	2015 г.
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Қазақстан Республикасының тауар нарықтарында монополиялану деңгейі	Статистикалық деректер, Агенттіктің есебі Есептеу (жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың санына Тізілімге енгізілген субъектілер мен табиғи монополиялар субъектілері санының жиынтық қатынасы)	%	-	0,96	0,95	0,93	0,91	0,87	0,83
Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтерінің (тауарларының, жұмыстарының) тізбесін қысқарту	«Табиғи монополиялардың реттеліп көрсетілетін қызметтерінің (тауарларының және жұмыстарының) тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Бірл.	-	-	1	1	1	1	1
Монополияға қарсы органның одан әрі жүргізетін қызметіне келісім беруден бас тартуын алған және мемлекет кемінде 50% мемлекеттік мүлкін жеке тұлғаларға, мемлекеттік емес заңды тұлғаларға сату жолымен бәсекелес ортаға беруге жататын мемлекеттік кәсіпорындарды және акцияларының (үлестерінің) 50%-дан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың үлесі	Агенттіктің есебі Есептеу (Одан әрі жүргізетін қызметіне келісім беруден бас тарту алған (жекешелендіруге жататын) мемлекеттік кәсіпорындардың, мемлекеттің қатысуымен заңды тұлғалардың және олармен аффилиирленген тұлғалар санының жалпы санға қатынасы)	%	-	-	3	0,3	0,2	0,1	0,05
Тікелей нәтижелердің көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар					жоспарлы кезеңде іске асыру мерзімі				
					2011 ж	2012 ж	2013 ж	2014 ж	2015 ж
					.	.	.	.	.

1			2	3	4	5	6		
Тауар нарықтарына талдаулар жүргізу және құзыретті мемлекеттік органдарға бәсекелестікті дамытудағы тосқауылдарды жою бойынша ұсыныстар жіберу			X	X	X	X	X	X	X
Монополияға қарсы органның қызметкерлеріне монополистік қызметті шектеу және жосықсыз бәсекелестікке жол бермеу бойынша курстар мен тағылымдамалар өткізу			X	X	X	X	X	X	X
Мемлекеттік кәсіпорындардың, акцияларының (үлестерінің) 50 %-дан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың және олармен аффилиирленген тұлғалардың өтінішхаттарын қарау			X	X	X	X	X	X	X
1.2-міндет Монополияға қарсы заңнама нормаларын сақтауды қамтамасыз ету арқылы бәсекелестікті дамыту үшін жағдайларды қолдау және жасау									
Тікелей нәтижелер көрсеткіштері	Ақпарат көзі	өлшем бірлігі	есепті кезең		жоспарлы кезең				
			2009 ж.	2010 ж.	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Қарауға қабылданған қолдау хаттардың жалпы санынан экономикалық шоғырлануға қаралған өтінішхаттардың үлесі	Агенттіктің есебі Есептеу ( экономикалық шоғырлануға қаралған қолдау хаттар санының қарауға қабылданған қолдау хаттардың жалпы санына қатынасы)	%	-	-	100	100	100	100	100
Жүргізілген мониторинг нәтижесі бойынша бәсекелестікті шектейтін нормалары бар анықталған нормативтік құқықтық актілердің саны	Агенттіктің есебі	Бірл.	-	-	3	2	-	-	-
Аяқталған тергеулердің жалпы санынан анықталған бұзушылықтармен тергеулердің үлес салмағы	Агенттіктің есебі	%	89,2	81	83	85	87	89	90
Шешім шығарылған істердің жалпы санынан сот сатыларында жеңген істердің үлес салмағы	Агенттіктің есебі	%	62,9	65	67	69	71	73	75



іс-шаралармен қамтылған заңды тұлғалардың (бизнес ортаның, мемлекеттік органдардың өкілдері) үлес салмағы	істейтін кәсіпорындардың жалпы санына қатынасы	%	-	3	4	5	6	7	8	
Адал бәсекелестіктің артықшылықтарын және Агенттіктің негізгі қызметтері бойынша жұмыс нәтижелерін хабарлауға бағытталған радио, теледидардағы сөз сөйлеулердің, БАҚ-тағы жарияланымдардың саны	Агенттіктің есебі	Бірл.	96	485	490	500	505	510	515	
Агенттіктің сайты пайдаланушы кірушілердің саны	Агенттік сайтының есептеушісі	бірлік	235596	100 000	140 000	160 000	180 000	200 000	250 000	
Тікелей нәтижелердің көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар						жоспарлы кезеңде іске асыру мерзімі				
						2011 ж	2012 ж	2013 ж	2014 ж	2015 ж
1. Агенттіктің сайты толықтыру.						X	X	X	X	X
2. Адал бәсекелестіктің артықшылықтары және негізгі қызмет бойынша жұмыс нәтижелері туралы ақпараттық материалдар әзірлеу						X	X	X	X	X
3. «Бәсекелестік саясат мәселелерін сапалы көрсеткені үшін» номинациясы бойынша БАҚ арасында конкурс өткізу						X	X	X	X	X
2.2-міндет. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік органдар қызметін үйлестіру және тұтынушылардың қоғамдық бірлестіктерімен өзара іс-қимыл										
Тікелей нәтижелер көрсеткіштері	Ақпарат көзі	өлшем бірлігі	есепті кезең		жоспарлы кезең					
			2009 ж.	2010 ж.	2011 ж	2012 ж	2013 ж	2014 ж	2015 ж	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	
Тағайындалған жалпы саннан тергеу жүргізу туралы шешім қабылданған тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы Агенттіктің монополияға қарсы заңнаманы бұзушылықтары туралы алдын ала қаралған мәліметтердің үлес салмағы	Агенттіктің есебі Есептеу (тағайындалған жалпы санға тергеу жүргізу туралы шешім қабылданған тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы Агенттіктің монополияға қарсы заңнаманы бұзушылықтары туралы алдын ала қаралған мәліметтерінің саны)	%	-	-	60	62	64	66	68	
Келіп түскен өтініштердің жалпы санынан Агенттік қараған тұтынушылардың өтініштерінің үлес салмағы	Агенттіктің есебі	%	-	-	100	100	100	100	100	

Монополияға қарсы органмен өзара іс-әрекеті қамтылған тұтынушылардың қоғамдық бірлестіктерінің, тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы қауымдастықтардың (одақтардың) үлес салмағы	Агенттіктің есебі (Есептеу) (Жұмыс істеп тұрған тұтынушылардың қоғамдық бірлестіктерінің, тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы қауымдастықтардың (одақтардың) жалпы санынан Агенттіктің іс-шараларына жұмылдырылған тұтынушылардың қоғамдық бірлестіктерінің, тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы қауымдастықтардың (одақтардың) саны)	%	-	-	-	80	85	90	95	
1. Мемлекеттік органдарға тұтынушылардың құқығын қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары бойынша ұсыныстар енгізу						X	X	X	X	X
2. Қызметтер мен тауарлардың түрлі салаларында тұтынушыларға құқықтық көмек көрсету және олардың құқықтарын қорғау бойынша ұсыныстар әзірлеу, сондай-ақ халық өмірінің сапасын жақсарту						X	X	X	X	X
3. Қоғамдық бірлестіктермен, тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы қауымдастықтармен (одақтармен) қоғамдық іс-шараларды өткізу						X	X	X	X	X

### 3.2. Мемлекеттік органның стратегиялық бағыттары мен мақсаттарының мемлекеттің стратегиялық мақсаттарына сәйкестігі

<b>Мемлекеттік органның стратегиялық бағыттары мен мақсаттары</b>	<b>Стратегиялық және (немесе) бағдарламалық құжаттың атауы</b>
<p style="text-align: center;">Стратегиялық бағыттар:</p> <p>1. Бәсекелестікті дамытуға жәрдемдесу.</p> <p>2. Тұтынушылардың құқығын қорғау жүйесін жетілдіру және бәсекелестікті адвокаттандыру.</p> <p style="text-align: center;">М а қ с а т ы :</p> <p>1) Бәсекелестікті қорғау арқылы тауар нарықтарындағы бәсекелестікті дамыту деңгейін арттыру;</p> <p>2) Нарық субъектілерінің және тұтынушылардың заңды құқықтарын сақтауды қамтамасыз ету</p>	<p>«Қазақстан – 2030: Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» атты ел Президентінің 1997 жылғы Қазақстан халқына Жолдауы</p> <p>«Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы № 922 Жарлығы</p> <p>«Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы» Парламент палатасының 2006 жылғы 18 қаңтардағы бірлескен отырысында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың сөйлеген сөзі</p> <p>«Жаңа онжылдық - жаңа экономикалық өрлеу - Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауы</p>



«Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» атты Қазақстан Республикасының Президентінің 2011 жылғы 28 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 958 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама

#### 4. Функционалдық мүмкіндіктерді дамыту

Стратегиялық бағыттың атауы, мемлекеттік органның мақсаттары мен міндеттері	Стратегиялық бағытты, мемлекеттік органның мақсаттары мен міндеттерін іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру кезеңі
1	2	3
<p>1-стратегиялық бағыты. Бәсекелестікті дамытуға жәрдемдесу</p> <p>1-міндет. Бәсекелестікті қорғау арқылы тауар нарықтарында бәсекелестікті дамыту деңгейін арттыру ;</p> <p>1.1-міндет. Бәсекелестікті шектейтін нарық субъектілерін монополиясыздандыру;</p> <p>1.2-міндет. Монополияға қарсы заңнама нормаларын сақтауды қамтамасыз ету арқылы бәсекелестікті дамыту үшін жағдайды қолдау және жасау</p> <p>2-стратегиялық бағыт. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау жүйесін жетілдіру және бәсекелестікті адвокаттандыру</p> <p>2-мақсат. Нарық субъектілерінің және тұтынушылардың заңды құқықтарын сақтауды қамтамасыз ету</p> <p>2.1-міндет. Монополияға қарсы орган қызметінің транспаренттілігін қамтамасыз ету және адал бәсекелестікті насихаттау</p> <p>2.2-міндет. Тұтынушылардың құқығын қорғау саласындағы мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру және тұтынушылардың қоғамдық бірлестіктерімен өзара іс-қимыл.</p>	<p>1. Қызметкерлерді біліктілікті арттыру, оның ішінде қайта даярлау курстарында оқыту.</p> <p>2. Тағылымдамалар өткізу, халықаралық ұйымдардың оқу бағдарламаларын енгізу.</p> <p>3. Тиісті бұзушылықтардың алдын алу мақсатында ақпараттық қауіпсіздік жөніндегі іс-шараларды түсіндіру.</p> <p>4. Қызметкерлерді мемлекеттік тілге оқыту жөніндегі іс-шараларды өткізу.</p> <p>5. Басшы лауазымдардағы әйелдердің өкілдігін кемінде 30 %-ға қамтамасыз ету.</p> <p>6. Агенттіктің ұлттық құрамында байырғы емес халықтардың өкілдігін қамтамасыз ету.</p> <p>7. Ақпараттық жүйелерде ІТ-аутсорсингін енгізу .</p> <p>8. Агенттік қызметкерлері қызметінің тиімділігін бағалауды енгізу.</p>	2011 – 2015 жылдар

#### 5. Ведомствоаралық өзара іс-қимыл

Оларға қол жеткізу үшін ведомствоаралық өзара іс-қимыл талап етілетін міндеттердің көрсеткіштері	О н ы м е н ведомствоаралық өзара іс-қимыл жүзеге асырылатын мемлекеттік орган	Ведомствоаралық өзара іс-қимыл белгілеу үшін мемлекеттік орган жүзеге асыратын шаралар
1	2	3
1 - с т р а т е г и я л ы қ Бәсекелестікті дамытуға жәрдемдесу		б а ғ ы т .

1-мақсат. Бәсекелестікті дамыту арқылы тауар нарықтарындағы бәсекелестікті дамытудың деңгейін арттыру		
1.1-міндет. Бәсекелестікті шектейтін нарық субъектілерін монополиясыздандыру		
Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтерінің (тауарларының, жұмыстарының) тізбесін қысқарту	ТМРА, АБМ	«Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтерінің (тауарларының, жұмыстарының) тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 14 наурыздағы № 155 қаулысына өзгерістер енгізу
Монополияға қарсы органның одан әрі жүргізетін қызметіне келісім беруден бас тартуын алған және мемлекет кемінде 50% мемлекеттік мүлкін жеке тұлғаларға, мемлекеттік емес заңды тұлғаларға сату жолымен бәсекелес ортаға беруге жататын мемлекеттік кәсіпорындарды және акцияларының (үлестерінің) 50%-дан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың үлесі	Орталық мемлекеттік органдар  Облыстар және Алматы, Астана қалаларының әкімдіктері	Мемлекеттік кәсіпорындарды және акцияларының (үлестерінің) 50%-дан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғаларды бәсекелес ортаға беруге қатысты Агенттік қабылдаған шешімдерді іске асыру
1.2-міндет. Монополияға қарсы заңнама нормаларын сақтауды қамтамасыз ету арқылы бәсекелестікті дамыту үшін жағдайды қолдау және жасау		
Жүргізілген мониторинг қорытындылары бойынша бәсекелестікті шектейтін нормаларды қамтитын анықталған заңнамалық актілердің саны	Орталық мемлекеттік органдар	Агенттік жүргізген түгендеу нәтижелері бойынша бәсекелестікті шектейтін нормаларды жою

## 6. Қатерлерді басқару

Ықтимал қатердің атауы	Қатерлерді басқару бойынша шаралар қабылдамаған жағдайда ықтимал салдарлар	Қатерлерді басқару жөніндегі іс-шаралар
Сыртқы қатерлер		
Әлемдік нарықтардағы ахуалдың өзгеруі	Бәсеке дамымаған нарықтар санының артуы	Монополияға қарсы бақылауды және ведомствоаралық өзара іс-қимылды күшейту
Ішкі қатерлер		
Бәсекелестікті дамыту бойынша жергілікті атқарушы және орталық мемлекеттік органдардың жеткіліксіз жұмысы	Қойылған мақсатқа қол жеткізілмеуі	Ведомствоаралық өзара іс-қимылды күшейту
Азық-түлік тауарларын өндіру көлемдерін, ішкі нарықтарға жеткізу көлемдерін азайту	Азық-түлік нарықтарында бағаның өсуі	Монополияға қарсы бақылауды және ведомствоаралық өзара іс-қимылды күшейту
Жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың санын азайту	Тауар нарықтарында монополияландыру деңгейінің ұлғаюы	Ведомствоаралық өзара іс-қимылды күшейту

## 7. Бюджеттік бағдарламалар

Бюджеттік бағдарлама	001 «Бәсекелестікті қорғау, монополиялық қызметті шектеу және жосықсыз бәсекеге жол бермеуді қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер»
	экономикалық шоғырлануға талдау, мониторинг жүргізуді және бақылауды қамтамасыз ету, бәсекелестікке қарсы іс-әрекеттер мен жосықсыз бәсекеге қарсы фактілерінің жолын кесу, стратегиялық жоспарлау, үйлестіру және халықаралық

Сипаттама	ынтымақтастық, құқықтық қамтамасыз ету, бәсекелестікті адвокаттандыру, тұтынушылардың құқықтарын қорғау							
Бюджеттік бағдарламаның түрі	Мазмұнына қарай	Мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыру және олардан туындайтын мемлекеттік қызметтерді көрсету						
	іске асыру тәсіліне қарай	жеке						
	ағымдағы/даму	ағымдағы						
Бюджеттік бағдарлама көрсеткіштерінің атауы	Өлшем бірлігі	есепті кезең		жоспарлы кезең				
		2009 жыл (есепті)	2010 жыл (жоспарлы)	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
1	2	3	4	5	6	7	8	9
<b>Бюджеттік бағдарлама көрсеткіштерінің атауы:</b>								
Бәсекелестікті қорғау, монополистік қызметті шектеу және жосықсыз бәсекеге жол бермеуді қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	мың теңге	465239,3	489541	582784	679566	659014	666785	X
<b>Тікелей нәтиже көрсеткіштері:</b>								
Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтерінің (тауарларының, жұмыстарының) тізбесін қысқарту	бірл.	-	-	1	1	1	1	1
Тауар нарықтарына жүргізілген талдаулардың саны	бірл.	-	20	20	20	20	20	20
Қазақстан Республикасының тауар нарықтарына монополиялану деңгейі	%	-	0,96	0,95	0,93	0,91	0,87	0,83
Қарауға қабылданған өтінішхаттардың жалпы санынан экономикалық шоғырлануға қаралған өтінішхаттардың үлесі	%	-	-	100	100	100	100	100
Жүргізілген мониторинг қорытындысы бойынша бәсекелестікті шектейтін нормаларды қамтитын анықталған заңнамалық актілердің саны	бірл.	-	-	3	2	-	-	-
Аяқталған тергеулердің жалпы санынан анықталған								

бұзушылықтармен тергеулердің үлес салмағы	%	89,2	81	83	85	87	89	90
Шешім шығарылған істердің жалпы санынан сот сатыларында жеңген істердің үлес салмағы	%	62,9	65	67	69	71	73	75
Адал бәсекелестіктің артықшылықтарын және Агенттіктің негізгі қызмет бойынша жұмыс нәтижелерін хабарлауға бағытталған БАҚ жарияланымдарының саны	бірл.	96	485	490	500	505	510	515
Тағайындалғандардың жалпы санынан тергеу жүргізу туралы шешім қабылданған тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы Агенттіктің монополияға қарсы бұзушылықтары туралы алдын ала қаралған мәліметтердің үлес салмағы	%	-	-	60	62	64	66	68
Келіп түскен өтініштердің жалпы санынан Агенттік қараған тұтынушылардың өтініштерінің үлес салмағы	%	-	-	100	100	100	100	100
«Бәсекелестік саясат мәселелерін сапалы көрсеткені үшін» номинациясына БАҚ арасында конкурс өткізу	бірл.	-	-	1	1	1	1	1
Монополияға қарсы заңнама нормаларын білуіне нарық субъектілерінің арасында конкурс өткізу	бірл.	-	-	-	1	1	1	1
Бәсекелестікті қорғау саласындағы жүргізілген талдау зерттеулерінің саны	бірл.	-	-	3	3	-	-	-
Аумақтық бөлімшелердің ішкі тексерістерінің саны	бірл.	-	2	-	4	4	4	4
Монополияға қарсы органмен өзара іс-әрекетпен								





бюджеттік даму бағдарламалары	мың тг.	-	-	-	-	-	-	-
----------------------------------	---------	---	---	---	---	---	---	---

**Ескертпе:                                      аббревиатуралардың                                      толық                                      жазылуы:**  
БАМ - Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі  
ТМРА - Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі  
ДЭФ - Дүниежүзілік экономикалық форум  
ТМД - Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы  
БАҚ – бұқаралық ақпарат құралдары.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК